

И. Алькенов, магистрант
(Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ МЕН ЖАЗАЛАНУШЫЛЫҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі уақытта әрбір мемлекетте, әрбір қоғамда балалар ерекше қамқорлықта және қорғауда болуы тиіс. Қолымызда барымыздың ең қымбаттысы, ең асылы, бар байлығымыз — балалар, сондықтан да олардың өмірі қаншалықты дұрыс қалыптасқандығына, олардың құқықтарының бұзылмауына, қорғалуына бақылау жасап, мемлекет олар үшін қандай жағдайлар жасағандығына сәйкес еліміздің келешегі айқындалады. Елбасы Н. Назарбаев халыққа Жолдауында 2050 жылға дейінгі еліміздің әлеуметтік, экономикалық даму бағытын белгілеп берді. Әсіресе, ана мен бала мәселесіне баса мән беріп, әрбір сәбидің құқығының қорғалуын талап етті. Өскелең ұрпақты барша халық және мемлекет болып қамқорлыққа алу қажеттігін анық айтты. Баланың дамуына отбасымен бірге мемлекеттің қосатын үлесі бірдей, өйткені олардың мақсаты да ортақ. Сондықтан басқа құқық жүйелерінде сияқты біздің ұлттық құқығымызда, соның ішіндегі ең бастысы Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-ші бабы неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында екендігін көрсеткен. Осыған байланысты балаларды қорғау, олардың негізгі құқықтарын қорғау — кез келген мемлекеттің басты көкейкесті мәселесі болуы қажет. Бала және отбасы құқықтары Конституциялық деңгейде бекітілген. Кәмелетке толмағандарды қорғау жолында, Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып бала құқықтарын қорғау жөніндегі дәйекті мемлекеттік саясаттың қисынды жалғасы болатын қадам жасады. Ең алдымен, кәмелетке толмағандардың мүдделері қозғалатын құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық база құрылды.

ҚР ҚК-нің 6-бөлімінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшелігі туралы мәселелер айқындалған, яғни ҚК-нің 78-бабында көрсетілгендей, қылмыс

жасаған кезге қарай ол он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жас шамасы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі — ҚК) 15-бабында көрсетілген. Қылмыстық іс жүргізуші органдар кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның жасын (туған жылын, айын, күнін) дәл анықтау жөнінде шара қолдануға міндетті. Бұл орайда адамның белгілі жасқа толуы ол туған күні емес, келесі тәуліктен бастап есептеледі. Адамның жасын растайтын құжаттар болмаған жағдайда немесе ол құжаттар күмән тудыратын болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі — ҚІЖК) 241-бабының 2-тармағына сәйкес сараптама тағайындалу қажет.

Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы және оған жаза тағайындау туралы мәселелерді дұрыс шешу үшін ҚІЖК-нің 117 және 481-баптарында көрсетілген мән-жайлардың елеулі маңызы бар. Сондай-ақ, кәмелетке толмағанның иланушылығы, ашушаңдығы, тәуелділігі, сөзуарлыққа, бастамашылыққа, қиялға бейімділігі сияқты жеке басының өзіндік қасиеттерін анықтап алу қажет. Бұл мақсатта кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеп отырған адамдардан және басқа да адамдардан жауап алып, оның денсаулығына және санасының дамуына қатысты ресми құжаттарды сұратып, сондай-ақ оның жеке басының құжаттарын (күнделіктер, жазбалар, хаттар, аудиожазбалар және т. б.) зерттеген жөн. Кәмелетке толмағанның ақыл-есінің кенже қалуы туралы жорамалға негіз болатын мәліметтер болған жағдайда, оның психикалық жетілуін анықтау үшін міндетті түрде жан-жақты психологиялық-психиатриялық сараптама тағайындалады. Егер мұндайда кәмелетке толмағанның, психикасының бұзылуына байланысты емес, психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін түсіне алмағаны не оған ие бола алмағаны анықталса, онда ол ҚК-нің 15-бабының 3-бөлігінің ережелеріне сәйкес қылмыстық жауапкершіліктен босатылады. Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасалған кезде осындай психикалық дамуы жағынан артта қалуы оған жаза тағайындалғанда ескерілуі қажет.

ҚІЖК-нің 71-бабы 1-бөлігінің 2-тармағына және 486-бабының 2-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағанның қылмыстары туралы істер бойынша кәмелетке толмағанды ұстау немесе қамауға алу кезінен бастап немесе одан сезікті немесе айыпталушы ретінде бірінші жауап алынған кезден бастап қорғаушының қатысуы міндетті болып табылады.

Алдын ала тергеу барысында кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпкердің қорғалу құқығы бұзылғаны анықталған болса, соттар іс бойынша жиналған дәлелдемелерге баға берген кезде заңдылық пен сот ісін жүргізудің принциптері бұзылған деп есептесе, онда ҚІЖК-нің 9, 116, 128-баптарын басшылыққа алып, заңда көрсетілген негіздер болған жағдайда, істегі материалдардың кейбір дәлелдемелерінің күші болмаған деп танығаны жөн.

Іс жөніндегі дәлелдемелерді, оның ішінде кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпкердің істі алдын ала тергеу барысында берген жауаптарын зерделеген кезде, соттар тергеу әрекеттерін жүргізу үшін кәмелетке толмағанды оның заңды өкілі арқылы шақыруға және ұзақтығы үзіліссіз екі сағаттан артық емес, ал күніне төрт сағаттан артпайтын жауапты тәуліктің күндізгі уақытында алу қорғаушының, заңды өкілдің, ал қажет болған жағдайда психологтың, педагогтың міндетті түрде қатысуымен алуға міндеттейтін ҚІЖК-нің 484 және 485-баптарының талаптарының орындалғанын тексеруге міндетті. Заңның бұл талаптарын орындамау, сондай-ақ кәмелетке толмағанның қылмыс жасағанына сезіктенуге немесе оған айып тағуға жеткілікті негіз бола тұра, одан куә ретінде жауап алу кәмелетке толмағанның жауаптарын дәлелдер ретінде тануға жол бермейді.

Соттар қоғамдық қауіптілігі кішігірім қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға, егер ҚК-нің 82-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы оларды түзеу немесе қайта тәрбиелеу мүмкін болса, қылмыстық жаза қолдану жағдайларын болдырмаулары тиіс. ҚК-нің 81-бабына орай тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданумен кәмелетке толмағандарды жазадан босату үшін:

- а) кәмелетке толмағанның қылмысты бірінші рет жасауы;
- б) қылмыстың онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа санатқа жатуы;

в) кәмелетке толмағанды тәрбиелік әсері бар шараларды қолдану жолымен түзеу мүмкіндігі болуы қажет.

Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімді сот қана және Істі басты сот талқылауында қарап, айыптау үкімін шығарған кезде ғана қабылдауы мүмкін. Егер адамның өліміне немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмаған адам жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның орнын толтырса, ҚК-нің 67-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, оған ҚК-нің 82-бабында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылып, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

ҚК-нің 63-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағандарға алдыңғы қылмысы үшін шартты түрде сотталған кезде сынақ мерзімі кезеңінде олар ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстарды қайтадан жасаған кезде, шартты түрде соттауды қолдануға болатынын соттар назарға алуы керек. Кәмелетке толмаған адам шартты түрде сотталған кезде сынақ мерзімі заңда белгіленген қысқартылған мөлшерде: алты айдан бір жылға дейін тағайындалады. ҚК-нің 79-бабының 1-бөлігінің мазмұнына орай мүлікті тәркілеу ретіндегі қосымша жаза кәмелетке толмағандарға тағайындалмайды.

Адамгершілік тәрбиесі қоғамда болсын, жеке ұйымда немесе жанұядағы қарым-қатынасқа, тәрбие жұмысының ұтымды түрлері мен әдістерін таңдауына, тәрбие үрдісінің бірлігі мен біртұтастығына, тәрбиені мемлекет және қоғам өмірімен байланыстыруына байланысты.

Бүгінгі бала — біздің мемлекетіміздің болашағы, мемлекет пен қоғамды басқару — солардың қолында, сондықтан бала, жасөспірім, жастар тәрбиесі — болашаққа жасаған инвестиция деп санап, барлық білім, күш, қаражат соларға жұмсалу қажет деп санаймын.